

БӨЛІМ: МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП

Сөйлеуді дамыту "Менің отбасым"

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.11.2020

СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/85637/

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: Қатынас

Бөлімі: Балалар көркем әдебиеті

Тақырыбы: «Төлдер айтысы».

Мақсаты: Ұй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, тереңдету. Адамзатқа тигізетін пайдасы туралы олардан алынатын өнімдер жайлы мағлұмат беру.

Балалардың ойлау, қиялдау, сөйлеу, қабілеттерін арттыру.

Ұй жануарларын қорғауға, оларға қамқорлық жасауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: үй жануарларының суреттері, дидактикалық ойынға қажетті құрал-жабдықтар, карточкалар.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу, көрнекілік, топтық жұмыс, ойын.

Пәнаралық байланыс: қоршаған орта, тіл дамыту, шығармашылық

Барысы:

I. Ұйымдастыру. Психологиялық дайындық. Шаттық шеңбері:

Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз.

Бар адамға құрметпен, Бас иеміз біз.

II. Ұйымдастырылған іс-әрекеті.

1. Қазақ халқының ежелгі кәсібі мал бағу. Ол сауса сүт, сойса ет, кесе киім, мінсе көлік. Халық малды өте қастерлеген. Сондықтан көптеген мақал-мәтелдер, жұмбақ, өлеңдер, тыйым сөздер, аңыз әңгімелер айтып кеткен.

-Төрттүлік малғанелер жатады? Айтақойыңдаршы. (Сиыр, түйе, жылқы, қой, ешкі).

Олардың төлдері қалай аталады? (бұзау, бота, құлын, қозы, лақ).

Бұл жануарларды не себепті ұйжануарлары деп атаған? (себебі олар ұймаңында ұстап, адамдар күтіп-баптайды).

Бүгін біздің сабағымызға Қаңбақ шал келіпті. Оның кімекенін барлығымыз білеміз, иә. Ол сендердің бүгінгі білімдеріңді сынамақшы, өзі ментапсырмалар да алып келіпті.

Қараңдаршы, Қаңбақ шалдың жанында Сиқырлы сандығы бар екен. Сандықтың ішіне жануарларды қамап қойыпты. Сиқырлы сандықта жасырылған ұйжануарларын босату үшін олар туралы тақпақтар айту қажет.

2. «Сиқырлы сандық» ойыны.

Құлыншағым құндызым Құлдырайды шабады

Жылтылдаған жұлдызым Құстай қанат қағады.

Ең зор түлік – түйемін Тікенді шөпті сүйемін

Пайдалансаң, сүтім шұбатым Дертке дауа жанға қуат.

Мүйізі айдай иілген Мұрнын көкке шүйірген

Ірімшік пенен құрт майы Жегенде тілді үйірген

Ақ бұзауым ұнайды Мө мө деп сүт сұрайды

Ақ бұзауды бағамын Апамнан алғыс аламын

Кіп-кішкене момақан Қошақанды ұнатам

Сүйеді апам қозым деп Қошақаным өзің деп

«Құлдыр – құлдыр құлыншақ Жібек жолды құлыншақ

Жүйріктігі құйындай Құлыншақты мін де шап

Айналайын ботам Қандай күлте жотаң

Табандарың жалпақ Теріп жейсің жантақ

— жақсы балалар, біз барлық жануарларды босаттық. Олай болса, қаңбақ шал сендердің жауаптарыңа риза болып, **«Жануарлар әлемі»** бейне жазбасын тарту етеді. Тамашалайық

2. Төлдер жайлы көптеген ертегілер бар, соның ішінде **«Төлдер айтысы»** ертегісін оқып берейін.

Бір жерге жиналған лақ, құлын, бұзау, қошақан мен бота «Біздің иеміз қайсымызды жақсы көреді?» -деп бір-бірінен сұрастырды.

Сонда лақ тұрып:-Мә-ә,мә-ә мені жақсы көреді.Адам біздің сүтімізді ішіп, Түбітімізді киімге пайдаланады,-дейді.

Сонда құлын бір кісінеп алды да:-Лақ ,сен орынсыз мақтанба. Бізденқазы-қарта ,шұжық, қымызалады.Адамыңмінсе көлігі де біз,-дейді.

Бұзаутұрып:-Сендербосқамақтанасыңдар, адамтіршілігінееңқолайлы-сиыр малы. Бізденшелек-шелексүт, қарын-қарын май, ірімшікалады.Иемізгебізденпайдалы мал жок-дейді.

Қошақантұрып:-Сендербосқамақтанасыңдар, иемменіжақсыкөреді.

Адам киетінкиім-кешеккеқажеттіматалар, үйдегітөсенішбіздіңжүнімізденжасалады, бізденпайдалысыжоқ,- дейді.

Бота тұрып:-Бәріңнен де иемізменіжақсыкөреді. Бізденалатыншұбаттыңемдікқасиетінайтсаңшы. Оғанешнәрсежетпейді,-дейді.

Осы кездеадам:-Төлдерім, сендербосқаталаспандар, Әрқайсыңныңөзорындарың бар, адамүшінбәрің де керексіңдер!-дейді.

Ертегіжайлысұрақ-жауап. Ертегі не туралыекен? Адамғақайжануаркөбіреккерек? Ертегіде қандай төлдердің аттары аталды?

3.Сегіту сәті. 4. «Ой қозғау» Жануарларды дыбысынан тану (бейне жазба)

5. **Ертегіні сахналау.**Олай болса, ертегіні қойып көрейік, кәне! Кім лақ ,қозы, құлын, бота, бұзау болғысы келеді, кім жақсы түсінді екен? (ертегі желісімен қойылым көрсету.)

6. **Ойлан тап»** жасырылған жұмбақтың шешуін табу

7.Дидактикалық ойын. «Не артық?» Үй жануарларының арасындағы артық заттарды жануарларды алып тастау

Қорытынды.Сонымен, бүгінгі тақырыбымыз не туралы болды? -Балалар,үй жануарларының адамзатқа қандай пайдасы бар? Оларды күтіп баптау үшін біз не істейміз? Оларға уақтылы жем-шөбін беріп, қорасын тазалап отыру қажет.Үй жануарларының төлдері бар. Олар: Бота, құлын, бұзау, қозы, лақ.

8. Марапаттау. (Смайликтер)

Күтілетін нәтиже.Төрт түлік мал туралы түсінік қалыптасады. Төрт түліктің төлдерінің атын атай біледі және олар туралы мағұлмат алады. Төрт түлік туралы тақпақ және жұмбақтар шеше біледі.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.